

«зевака», «кривляка», «кусака», «ломака». Существительные, характеризующие человека по его постоянной деятельности или признаку: «верзила», «воротила» (в биржевых кругах), «вышибала» (главный заводила в классе), «запевала» (запевала в хоре), «зубрила».

Существительные, обозначающие человека, склонного к неприятному крику (плачу): «крикса», «плакса», «хныкса», «крикун», «пискун», «нытик», «рева», «визгун». Существительные, обозначающие человека по отвлеченным качествам и действиям: «размазня», «неровня», «родня», «сирота». Существительные, характеризующие человека по общественному положению, роду деятельности: «секретарь», «врач», «директор», «председатель», «кондуктор».

Однако в последние годы компонент отрицательной оценки в семантике этих лексем становится более явным, особенно наглядно это демонстрирует употребление существительных *лох* (жарг.), *лохушка* (жарг.) в речи молодежи. То же можно сказать и об оценочном компоненте в лексеме *неудачник*.

Эмоциональное состояние находит отражение в наименованиях лиц только как постоянное, характерное свойство человека, таких существительных слишком много (*весельчак, бодрячок, оптимист-меланхолик, плакса, нытик*).

Таким образом, можно сделать вывод, что в функциональном плане самыми важными оценочно маркированными лексическими единицами являются существительные. В количественном отношении существительных с компонентом оценки больше, чем слов других частей речи. Существительные номинируют ценности и антиценности, создавая систему национальных аксиологических ориентиров.

Список литературы

1. **Вольф Е.М.** Функциональная семантика оценки / Е.М. Вольф. – М.: Наука, 1985. – 228 с.
2. **Ильина Н.В.** Структура и семантика оценочных конструкций. – М.: Русский язык, 1992. – 84 с.
3. **Маркелова, Т.В.** Семантика оценки и средства ее выражения в русском языке: Автореф. дисс., д-ра филол. наук. М., 1996. 47 с.
4. **Сергеева Л.А.** Оценочное значение и категоризация оценочной семантики: опыт интерпретационного анализа: автореф. дис. ... д-ра филол. наук. – Уфа, 2004. – 316 с.
5. **Скляревская Г.Н.** Категория оценки: основные понятия, термины, функции (на материале русского языка) // Оценка в современном русском языке: сб. научных статей, 2001. – 184 с.
6. **Телия В.Н.** Коннотативный аспект семантики номинативных единиц. – М., 1996. – 231 с.
7. **Чернявская Е.А.** К вопросу о семантике оценки и способам ее выражения в современном русском языке. – М.: Просвещение, 2016. – 147 с.

ӨЖ 371

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУДІҢ Ы.АЛТЫНСАРИН ІЛІМІМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

Сұлтанбекова Ұ. Ж. – Тарих пәнінің мұғалімі, тарих ғылымының магистрі, №87 А.Назарбеков атындағы ЖОБМ, Шымкент қаласы.

Бұл ғылыми жұмыста Ы.Алтынсариннің құнды жұмыстарының мағыналары зерттелген. Бұл білімнің басты арналары, мектеп қабырғасы болсын, отбасылық білім болсын. Сондықтан бұл жұмыста Ы.Алтынсариннің білімге енгізген жаңашылдықтарына көп көңіл бөлінген.

Кілт сөздер: білім беру жүйесі, оқу-ағарту ісі, әдістеме, оқу-тәрбие жұмысы, парадигма, оқулық, хрестоматия, ұлттық педагогика, мектеп, бағдарлама.

Заман талабына сай еліміздегі білім беру жүйесі түбегейлі өзгерістер мен дамудың жаңа са-тысына қадам басты. Бұл бағыттағы басты меже – рухани құндылықты бойына сіңірген халқымыздың жаңа болмысын қалыптастыру, ұлт сапасын арттыру. Мұның өзі жас ұрпақты білімге қызықтырып, ғылымға ынтық етуде көркем әдебиеттің қуатты күшін пайдалану, ұлттық тәрбиеге ден қойып, рухы биік, намысы өр, азат ойлы тұлға тәрбиелейтін ұлт ұстазы – ата-баба тағылымын, ұлттық педагогиканы қайта жаңғырту болмақ. Өткеніңнен қол үзбей, ұлттық дәстүрмен астасқан дүниетаным мен құндылықтар жүйесін бір сәт те естен шығармай, үнемі насихаттап, ғасырларға жалғасқан тарихи таным тізбегіне жалғану.

2017 жылдан бері Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласынан бастау алған бұл игі дәстүр желісін үзбей «Ұлы даланың жеті қыры» Жолдауына ұласып, нақты іс-әрекеттер жүйесіне айналды. Қалғып-мүлгіп ұйқыға кеткелі тұрған ұлттық рухымызды оятып, дүр сілкінтіп қайта түлету үшін дер кезінде сәтті қадамдар жасалды: «Күллі жер жүзі біздің көз алдымызда өзгеруде. Әлемде бағыты әлі бұлыңғыр, жаңа тарихи кезең басталды. Күн санап өзгеріп жатқан

дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес» [1], – дей келіп, қазіргідей жаһандану үдерісінде өркениеттер қақтығысына жұтылып, өзге мәдениеттің ықпалында кетпес үшін өзіндік таным, қайталанбас ұлттық ерекшелігімізді жаңғыртуды ұсынған болатын.

Жаңартылған білім беру жүйесіне бет бұрып, тың ізденістер мен соны жаңалықтарды оқу-тәрбие үдерісіне белсенді енгізе бастасақ та, қазақ оқу-ағарту ісінің қайнар көзі – XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында маңдай терін төгіп, бүкіл күш-қайратын, білім-тәжірибесін сарп еткен ағартушы-педагогтер мен Алаш арыстарының әдістемелік еңбектерінен аттап өте алмаймыз. Мәселен, қазақ халқының көрнекті ағартушы-педагогі, жазушы-этнограф, фольклоршы-зерттеуші, ұлттық әдебиет тарихында өзіндік орны бар бірегей тұлға, қоғам қайраткері – Ыбырай Алтынсарин ағартушылық жұмыстарды белсене атқарып, қазақ ұлттық мектебінің қалыптасуына өз үлесін қосты, оқыту әдістемесінің негізін салушы бола білді. Ы.Алтынсариннің әдістемелік еңбектері мен тәлім-тәрбиеге толы шығармалары дәл қазіргі уақытта да өзектілігін жойған жоқ. Жаңа заманмен бірге жасасып, жас ұрпақтың көкірегіне құндылық толтырып, ұлттық дүниетанымын қалыптастыруда жол көрсетер шамшырақтай мәңгі жарқырап тұра бермек.

Жас ұрпақтың санасының өзгеруі тікелей мұғалімге байланысты. Білім беру мазмұнының жаңаруы жаңа ережелер мен әдістерге, жаңа мүмкіндіктерге жетелейтіндіктен бұрынғы көзқарас пен мінез-құлықтың өзгеруіне ықпал етеді. Жаңартылған білім беру жүйесіне сай педагогтің ойлау парадигмасы да өзгерді. Парадигма дегеннің өзі қазіргі ғылымда белсенді қолданылып жүрген термин, ол «теория», «модель», «ұғым», «түсінік» немесе «көзқарастар жүйесі» мағынасында жиі кездеседі. «Қарапайым тілмен айтсақ, «дүниені қалай көретінімізді білдіреді. Көзбен көру емес, өмірді қабылдау, ұғыну, түйсіну, түсінік беру мағынасында айтып тұрмын» [2,36], – дейді осы ұғымды жан-жақты зерттеген «Жасампаз жандардың 7 дағдысы» кітабының авторы С.Кови.

Ғалымдардың пікірінше, бүгінгі білім беру парадигмасы – жаңа өркениеттік бағдар мен мемлекеттік стандарттарға сай жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруды көздейтін, интеллектуалдық білім орталығы инновациялық мектепте ғылыми-әдістемелік негізде білім берудің концептуалдық моделі болып табылады. Мұнда ең алдымен адамның рухани және шығармашылық дамуы басты орында тұрады. Адамның жалаң білімді игеруін ғана емес, табиғатпен тығыз қарым-қатынаста дамып, күнделікті өмірге қажетті білім негіздерін бойына сіңіруді көздейді.

Міне, дәл осы бағытта тынымсыз ізденіс пен үздіксіз еңбектің жемісін қалдырған қазақ халқының ұлы перзенті, халық ағартушысы атанған Ыбырай Алтынсариннің қазақ қоғамына өзгеріс әкелу жолындағы күресі мен халық игілігі үшін төккен терінің жемісін көрудеміз. Бүгінгі жаңартылған білім мазмұны Ы.Алтынсарин негізін салған игі істердің жалғасы десек қателеспейміз. Ол XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстандағы қоғамдық ой-пікірдің өркендеуіне, қазақ мәдениетінің дамуына өлшеусіз үлес қосты. Жас ұрпақтың тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, қазақ жастарының білім мен ғылымды, мәдениет пен өнерді, шаруашылық мен кәсіпті жан-жақты меңгеріп, өзіндік көзқарасы бар жеке тұлға болып қалыптасуына еңбек етті. Оқыту әдістемесінде жастарға барынша жағдай жасап, сабақты оларға ыңғайлы форматта ұйымдастыруға тырысты.

XIX ғасырға дейін қазақ даласында жүйелі түрде қалыптасып, тарихи деректермен расталған оқу-ағарту ісі қанат жаймағанымен, әсіресе, қалалы жерлерде оқу ісінің белгілі бір сипаты болғанын ешкім жоққа шығара алмайды. Түркі әлемінің ойшыл даналары, ұрпағына мәңгілік өшпес тарихи мұра қалдырған дара тұлғалар Әбу-Насыр әл-Фараби, Махмұд Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Ахмет Іюгінеки мен Қожа Ахмет Яссауи бабаларымыздың туып-өскен, білім нәрін терген киелі мекені де осы дала. Бұл ғұламалардың барлығы сан ғасырлық тарихы бар өсиет мектебі мен түркілік білім ошағынан нәр алып, түлеп ұшқаны анық. Мұның бір айғағы, Ахмет Яссауи баба шәкірттерінің даналық жолын жалғастырып күні кешеге дейін ғұмыр кешкені болса керек.

Міне, осы жолды жалғастырып, ұлы дала төсінде алғаш күміс қоңырауды сыңғырлатып, күллі қазақ баласын білім ордасына жинаған Ыбырай Алтынсариннің білім саласына сіңірген еңбегі ерен. Білім ордасының табалдырығын аттап, ұстаз алдына үлкен үмітпен, шексіз сеніммен келген қазақ жастарының қолына оқулық беріп, іргелі пән ретінде жүйелі түрде оқытатын оқу бағдарламасы мен оқу құралдарын, түрлі көмекші әдістемелік материалдар дайындау қажет болды. Мұндай өте ауқымды әрі жауапкершілігі мол жұмысқа күллі қазақ зиялысы білек сыбана кіріскен болатын.

Қазақ тілін оқытудың алғашқы әдістемесінің қалыптасуына XX ғасыр басында шыққан «Айқап», «Қазақ», «Мұғалім», «Шолпан», «Шора», «Сана», «Жаңа мектеп», т.б. баспасөз құралдарының қосқан үлесі зор. Бұл басылымдарда жаңадан ашылған мектептің түрлі мәселелері жан-жақты талданып, туған тілімізді қалай оқыту керек екені, қазақ тілінде оқу құралын жазу мәселесі, педагогиканың негізгі ұстанымдарын анықтау сияқты өзекті мәселелер сөз болатын. Мәселен, Ж.Аймауытовтың «Ана тілін қалай оқыту керек?» деген мақаласы 1919 жылы «Жаңа мектеп» журналының №2 санында жарияланып, онда қазақ тілін оқытудың сол кездегі көкейкесті мәселелері талқыланды. Педагогика ғылымының «Дидактика» саласына қазақтың біртуар ұлдары, педагог-ғалымдар, оқу-ағарту ісінің майталмандары Ы.Алтынсарин, М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, Ш.Әлжанов сынды азаматтар өлшеусіз үлес қосты.

Ыбырай Алтынсарин қазақ балаларын дұрыс оқыту мен оларға жүйелі білім беру жолдарын, оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін тынбай зерттеумен болды. Ы.Алтынсариннің ғылыми-әдістемелік тұжырымы бойынша, оқыту әдістері – бұл балаларды сабаққа, ғылымға, өздігінен білім алуға ынтасын арттырып, сезімін оятатын жол. Ол бірнеше оқу құралдарын, соның ішінде, орыс тілін қазақтарға үйрету туралы бастауыш құрал кітабының, мектептерге арналған оқу жоспарының, оқу пәндері бағдарламаларының авторы. Осындай талапқа сай оқулықтар мен оқу құралдарын, тиісті құжаттарды мектеп ісінде ұтымды қолдануды ұйымдастыра білген алғашқы қазақ әдіскер-педагогы. Бұл еңбектердің барлығында автордың дидактикаға байланысты ой-пікірлері мен тұжырым-түйіндері айтылған болатын.

Биыл 180 жылдығы тойланғалы отырған ағартушы-педагог Ыбырай Алтынсарин 1841 жылдың 20 қазанында қазіргі Қостанай облысы, Қостанай ауданында дүниеге келген. Әкесі Алтынсары қайтыс болып, үш-төрт жасынан бастап атасы Балғожаның тәрбиесінде болады. Қыпшақтың ұзын руынан шыққан Балғожа би өз аумағындағы атақты кісілердің бірі болған. Ел ішінде билігі жүретін сөз ұстаған би, Орынбор әкімшілігінің алдында беделді, ықпалды кісі болатын. Замана ағымына көзі жеткен сұңғыла би жетістікке жетудің ендігі жолы – оқу-білім деп түсінеді. Осылайша, кішкентай немересі Ыбырайды Орынборда ашылады деп күтілген орыс-қазақ мектебіне күні бұрын жазғызып қояды. Мұндағы көреген атаның асыл мұраты – үміт еткен көзінің нұры баласын Хақ тағаланың жәрдемімен білім нәрімен сусындату, жүрек көзін ашып, надандықпен күресетін адал азамат етіп қалыптастыру болатын.

Ыбырай мектептегі оқыту мен тәрбие жүйесін сол кездегі орыс мектептері үлгісінде жүргізеді. Негізгі сабақ қазақ тілінде болғанымен балаларға орыс тілі мен пән негіздерін үйретуді мақсат етеді. Адамгершілігі мол, жаңа ұрпақты тәрбиелеуге бағытталған рухани тәрбиені жолға қояды. Өз халқының мәдениет пен білім жолына өте ынталы екенін ұғынып, осы жолда өз білімі мен тәжірибемсін сарп етеді. Қазақ балаларының білімге құштарлығы оған жігер сыйлайды. Оқу-әдістемелік жұмыстарды жетілдіруге бет бұрады.

Ы.Алтынсарин жас балаларға сабақты қызықты да түсінікті етіп жеткізуді мақсат етті. Зеректігі мен ықыласы, тынымсыз ізденісінің арқасында Ыбырайдың оқыту әдістемесі әр сабақ барысында сыналып, жетіліп, өзіндік дидактикалық көзқарасы қалыптаса бастады. Ол оқу үдерісін күнделікті өмірмен ұштастыруды көздеп, балалар мектептен білім мен тәрбие алатын болса, өмірден де тәлім алсын, айналадағы әлемнен өмір сабақтарын үйренсін деді. Осылайша Ыбырайдың ағартушылық және қайраткерлік ой-пікірі қалыптаса бастады.

Қазақстандағы ұлы ағартушылық идеясын кең таратып, «түгел беріліп, халықты сүйетін, мен сияқты қазақ керек» [3], – деп жазған Ы.Алтынсарин ендігі ретте өзі сияқты кадрлар даярлауды қолға ала бастады. Ал ол кезде мұндай кадрларды азаматтық халық мектептері арқылы ғана даярлауға болатын еді. Осылайша, ол 1879 жылы Торғай облыстық мектеп инспекторы болып тағайындалды.

Ы.Алтынсарин қазақ халқының тарихында алғаш рет педагогикалық ілімнің негізін салды. Ол орыс-қазақ училищелерінде математика, физика, химия, география, тарих, орыс тілі, қазақ тілі пәндерін оқытты. Балаларға ана тілі мен орыс тілін оқытуда айрықша көңіл бөлу керектігін айтып, мұғалімдерге нұсқау беріп отырды.

Ы.Алтынсарин құрастырған алғашқы оқулық «Қазақ хрестоматиясы» белгілі орыс педагогтері К.Д.Ушинский мен И.И.Паульсонның хрестоматиясы үлгісінде жасалды. «Қазақ хрестоматиясы» төрт бөлімнен:

I бөлім: өлеңдер мен балаларға арналған ұсақ әңгімелерден, ертегілерден;

II бөлім: қарапайым адамдар туралы әңгімелерден;

III бөлім: ауыз әдебиеті нұсқаларынан, түрлі өлең-жырлардан;

IV бөлім: мақал-мәтелдерден құралды.

«Қазақ хрестоматиясына» арналған сөз басында автор: «Ең алғашқы рет туып отырған еңбек болғандықтан, бұл хрестоматияның мүмкін кейбір кемшіліктері болар, бірақ ол дегенмен, ізсіз жоғалып кетпес, ең алғашқы рет оқыталайын деп отырған кітап ретінде көзделген мақсатқа дөп келер деген сеніммен өзімді-өзім жұбатып отырмын», [4,3] – деп жазады.

Автор осы сөзімен өз еңбегінің бағасын беріп кеткендей: кем-кетігі болғанымен дәл сол кезеңге дөп келетін, қазақ мәдениетінде өлшеусіз орны бар еңбек екені анық. Ы.Алтынсарин ғылымды дәріптеп қана қойған жоқ, қазақ жастарына ғылымды меңгерудің жолын көрсетті. Оқу үдерісі мен тәрбие жұмысы бір жүйеге келтірілген халық мектептерін ашты.

Ыбырай Алтынсариннің өмір жолы мен ұстаздық, оқу-ағартушылық қызметіне қарап отырып, еріксіз финляндиялық халық қаһарманы, замандасы Йохан Вильгельм Снелман еске түседі. 1806-1881 жылдары өмір сүрген өз заманының үлкен ілім адамы, философ әрі танымал саясатшы Снелман фин халқының мәдениетін көтеру жолында тынымсыз еңбек етіп, өз халқының рухани ұстазы бола білді. Ол өзінің сенімді достарымен бірге бетбақдала саналған Финляндияны «Ақ лалагүлдер өлкесіне» айналдырған еді. Снелманның бастамасымен жарық көрген «Сайма» газетінде отандастарына: «Біздің кішкентай ғана халық өзінің үлкен көршілерінен жоғары мәдениетке ие болған күнде ғана өзіне төнген қауіптен аман болады» [5,27], – деп барынша рухани сілкініске үндеумен болды. Снелманның

бастамасымен финдер ұзақ жылдар бойы өз мәдениетін көтеру жолында еңбек етіп, бүгінгі күні Еуропаның көптеген мемлекетінен озып шығып жетістікке жетіп отыр. Финляндияның білім беру саласындағы бүгінгі қол жеткізген табыстары да осыдан 200 жылға жуық уақыт бұрын халқына қалтқысыз қызмет еткен сол Снелман еңбегінің жемісі. Рух бірлестігі деген осы болса керек, екеуі екі әлемде өмір сүрген бір-бірінен хабарсыз екі тұлға бір бағытта, бір мақсатпен халқына аянбай қызмет етіп, оның жемісін қазіргі ұрпағы көріп отыр.

Ұлы ағартушы Ы.Алтынсариннің оқыту принциптеріне сай бүгінгі жаңартылған білім беру барысында спиральді қағидатпен білім мақсаты оңайдан күрделіге қарай шиыршықталып, ортақ тақырыптар арқылы оқушының шығармашылық қабылеті мен тұлғалық даралығын дамытуға бағытталған. Ы.Алтынсарин айтқандай балаға берілетін білім барынша өмірлік қажеттіліктерімен байланыста айналадағы болмыс сырын түсініп, дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыруды көздейді. Сондықтан да жас шыбықтай өсіп келе жатқан балаларымыздың түп-түзу болып бой түзеп, мәуелі бақтай жайқалуына бүкіл қоғам жауапты.

Ыбырай Алтынсариннің «Бақша ағаштары» әңгімесінде егілген ағаштарға қарап ой тарқатқан әке мен баланың сұхбаты бар емес пе? Міне, сонда «мынау ағаш неге тіп-тік, ана біреуі неге қисық біткен?» деген бала сұрағына әкесі былай деп ойлы жауап берген еді:

« – Бағу-қағуда көп мағына барында шек жоқ, шырағым; мұнан сен де өзіңе әбірет алсаң болады; сен жас ағашсың, саған да күтім керек; мен сенің қате істеріңді түзеп, пайдалы іске үйретсем, сен менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы, түзік кісі болып өсерсің, бағусыз бетімен кетсең, сен де мынау қисық біткен ағаштай қисық өсерсің, – деді» [3,25]. Яғни, мектепте алған оқу-тәрбиемен бірге үйден алған ата-анасының үлгі-өнегесі оның қалыптасуына ерекше ықпал ететіндіктен білім беру саласында бұл мәселені тиімді шешудің бірден-бір жолы болмақ.

Қорыта айтар болсақ, тұңғыш қазақ педагогі – Ыбырай Алтынсарин саналы ғұмырында екі түрлі асыл мұратқа қызмет етті: оның бірі – мектеп ашып, бала оқыту арқылы ағартушылық қызметі болса, екіншісі – қазақ халқының ой-санасын жаңалыққа бейімдеу мен өркениетке жалғау жолындағы тәрбиелік істері. Бұл асыл мұратын орындауда өз заманында түрлі кедергіге кездесіп, айналасынан қолдау таппай қиналды. Бірақ сонда да қайсар рухы мұқалмай, күрестен қажымай бар үмітіп болашақтан күтумен болды. Өзі жетпеген биігіне қазақ баласы жетеді деген асыл арманмен өмірден озды. Ыбырай Алтынсарин қазақ жастарының тек қана жалаң біліммен шектелмей, жан-жақты дамыған, адамгершілік қасиеті мол, адал да шыншыл, ізденімпаз, білімқұмар, жауапкершілігі зор, еркін де батыл, рухты азамат болуын көздеді. Адам деген ардақты атқа лайық, ұлтын сүйетін ұлы тұлға болып қалыптасуы үшін жас кезінен дұрыс тәрбие беруге баса мән берді. Бұл жолда әдістемелік еңбектері мен тәлім-тәрбиелік өлеңдері мен әңгімелерін молынан жазып қалдырды.

Мемлекеттің ендігі міндеті де «ұлтымыздың жаңа болмысын қалыптастырып, тұтас ұлт сапасын арттыру, адамды және қоғамды уақыт талабына сай жетілдіру» болғандықтан қолжетімді әрі сапалы білім мазмұны Президент назарынан тыс қалмайды. «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында: «Балалар үшін қатерлі бүгінгідей аумалы-төкпелі заманда олардың күш-жігері мен қызығушылығын дұрыс арнаға бағыттау аса маңызды» [6], – деп білім саласының ендігі бағдарын нақты айқындап берді. Еліміздегі білім беру саласының бүгінгі жаңартылған мазмұны ұлы ағартушының дәл осы асыл арманын іске асырып жатқандай көрінеді. Әр оқушыға жеке тұлға ретінде қарап, оның өз пікірі мен көзқарасын қалыптастыруды көздейтін, бәсекеге қабылетті шығармашыл қабылетін шыңдайтын, рухани-адамгершілік құндылық қасиетін дарытуды мақсат ететін бүгінгі білім жүйесі ұлы ағартушы Ы.Алтынсарин ілімін қайта жаңғыртып, ұрпақ сабақтастығына жалғап отыр. Ағартушының ізденісі мен ерен еңбегі бізден кейінгі буынға да өнеге болып, ғасырлардан-ғасырларға жалғаса берері анық. Себебі, ізгілік пен даналықты жақтаған, білім мен мәдениетке шақырған асыл мұрат ешқашан ескірмек емес.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Астана, 12 сәуір, 2017 жыл.
2. Кови Стивен Р. Жасампаз жандардың 7 дағдысы: Тұлғаны дамытудың тегеурінді тетіктері. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы. – 2018. – 352 бет.
3. Алтынсарин Ы. Кел, балалар, оқылық. Өлең, әңгімелер мен мақал, жұмбақтар. – Алматы: Атамұра, 2014. – 168 бет.
4. Алтынсарин Ы. «Қазақ хрестоматиясы». Алматы, 2003 ж.
5. Петров Г. Ақ лалагүлдер өлкесі – Финляндия. – Алматы: «Самға», 2020. – 128 б.
6. Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 1 қыркүйек, 2020.